

кәсіподағының X съезінің делегаты (1972 жылы) болған...Еңбек ұжымы Мүслімов Мәжкендей адал азаматқа зор үміт артып, ол облыс еңбеккерлері кеңесінің депутаты болып төрт рет сайланған (1963,1965,1969, 1971 жылдары), Metallургия өнеркәсібі жұмысшылары кәсіподағының республикалық комитетінің мүшесі (1971-1976 жылдары), КСРО Metallургия өнеркәсібі жұмысшылары кәсіподағының X съезінің делегаты (1972 жылы) болған.

Төгілген тер, атқарған ауыр жұмыс елеусіз қалмады. Елді ел ететін де, ерді ер ететін де еңбек екені даусыз.

Ардагер металлург Мәжкен Мүслімовты Ер еткен осы қажырлы еңбегі. Оның өнегелі өмірі, адал еңбегі келешек жастарға үлгі.

## Мүслімов Мәжкен туралы әдебиет:

Әбдешева, А. Қазақ Магниткасының майталманы: [металлург Мәжкен Мүслімов жайлы] / А. Әбдешева // Орталық Қазақстан. - Қарағанды.- 2013.- 20 шілде (№122-123).- 3 б.

Құрастырушы:  
АББ библиографы  
Жанашева К.А.

ОК телефоны: 8(7213)  
98-47-60

Факс: 8(7213)44-66-81  
E-mail: tcsqb@mail.ru



«ТЕМІРТАУ ҚАЛАСЫНЫҢ  
ОРТАЛЫҚТАНДЫРЫЛҒАН КІТАПХАНАЛАР  
ЖҮЙЕСІ» КММ  
АҚПАРАТТЫҚ-БИБЛИОГРАФИЯЛЫҚ БӨЛІМ

## Қала тарихындағы есімдер




Магнитка  
майталманы

**МӘЖКЕН  
МҮСІЛІМОВ**

ЖАДЫНАМА

Теміртау, 2017



Теміртау өңіріндегі толық металлургиялық циклдағы кәсіпорын салу идеясын 1930 жылдары Қ. Сәтбаев бастаған ғалымдар көтерген. Ұлы Отан соғысы жылдары батыстағы металлургия зауыттары уақытша жау қолында қалғандықтан, болаттың орнын толтыру керек болды. 1942 жылы 25 қаңтарда КСРО Халық комиссарлар кеңесі мен Мемлекеттік қорғаныс комитеті жергілікті металл сынықтары негізінде Қарағанды облысында металлургиялық қорыту зауытын салу туралы шешім қабылдады.

...Сонау бір жылдары Қазақстан Магниткасының алып құрылысына еліміздің әр аймағынан комсомолдық жолдамамен келген өңшең жастар, өмірдің ыстық-суығына төтеп беріп, мамандықтың қыры мен сырына осында жүріп қанықты. Сол металлургия өндірісіне 18 жасында келіп, өмірінің

соңына дейін, адал еңбек етіп, тер төккендердің бірі - Мәжкен Мүсілімов.

Мәжкен Мүсілімов 1929 жылдың 5 қыркүйегінде Қарқаралы ауданы, Бидайық селосында дүниеге келген.

Еңбек жолын 1947 жылы Теміртаудағы Қазақстан металлургия зауытының прокатты 400 станында қақтаушылықтан (вальцовщик) бастаған.

Елбасының «Стальной профиль Казахстана» атты еңбегінде “сол кездері зауыттағы толық қуатпен жұмыс жасаған тек мартен пештері ғана емес, сонымен қатар, прокатты стан 400 болды. Ол пайдалануға 1946 жылдың 25 мамырында берілген. Техникалық және басқа да қиындықтарға стан ұжымы 1949 жылдың өзінде 68 мың тонна тауарлы прокат шығарды. Бұған қазір Социалистік Еңбек Ері М.Мүсілімов, Ж.Телебаев, Г. Вольф, О.Сарыбаев басқа да көптеген вальцовщиктердің еңбегі зор еді”, - деп

айрықша атап өткен.

Зауытта аз қалған еңбек ардагерлерінің өз істеріне адалдықтарын айта келе, «Мысалы, 400 станның аға вальцовщикі Социалистік Еңбек Ері» Мүсілімов Мәжкеннің еңбек кітапшасында «Қазақ металлургия заводына қабылданды» деген жалғыз жазу бар екенін айрықша атап көрсетіп, ...Қазақстан Магниткасының қалыптасуын, өндірісін, онда бірге болған жолдастарының еңбектерін еске алып, тебірене, толғана жазады.

...Еңбек ұжымы Мүсілімов Мәжкендей адал азаматқа зор үміт артып, ол облыс еңбеккерлері кеңесінің депутаты болып төрт рет сайланған (1963,1965,1969, 1971 жылдары), Металлургия өнеркәсібі жұмысшылары кәсіподағының республикалық комитетінің мүшесі (1971-1976 жылдары), КСРО